Бірыңғай ұйымдастырушы
"Атырау қалалық қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
басшысы Н.Сармановқа

Атырау қаласы Атырау ауылдық округінің Құрманғазы ауылындағы демалыс саябағын ағымдағы жөндеу жұмыстары хабарландыру №15152894-1 ашық конкурсының қортындысына шағым

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ. 25-бап Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, ның, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау талаптарына сәйкес хабарландыру №15152894-1 Атырау қаласы Атырау ауылдық округінің Құрманғазы ауылындағы демалыс саябағын ағымдағы жөндеу жұмыстары туралы ашық конкурсының қортындысымен келіспейміз.

Қорытындылар туралы хаттама № 15152894-ОК1 сәйкес "Атырау облысының "Демеу" мүгедектер қоғамдық қоры, БСН (ЖСН): 200740020992 Қағиданың 212-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі: Көрсетілмеген Куәлігі бар кран машинисті- 1 (бір) адам, ұсынылған қызметкерге Б.С.Шинтемировқа «оператор крана» біліктілігі бойынша берілген 2025 жылғы 25 сәуірдегі №129, конкурстық құжаттамаға сәйкес Куәлігі бар кран машинисті- 1 (бір) адам деп конкурсқа жіберілмеді.

Алайда:

1) Кранмен жұмыс жасау үшін білім алғаны туралы свидетельства емес, кранмен жұмыс жасауға рұхсат етілетін куәлік талап етіледі. Яғни тек оқу орнынының курс бітіргені туралы куәлігімен (свидетельства) кранмен жұмыс жасауға руқсат етілмейді.
2) Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарында (7 қосымша (қазақша нұсқасында) Куәлігі бар кран машинисті деп көрсетілген. Яғни кранмен жұмыс жасау

үшін 1 жылға берілетін «кран операторы» куәлігі толықтай жеткілікті жәнеде кран машинисті деген сөз, кран операторы болып табылады.

3) «оператор крана» біліктілігі бойынша берілген 2025 жылғы 25 сәуірдегі №129 куәлік, қызметкер Б.С.Шинтемировке емес Н.Утисиновке берілген.(қорытынды хаттамада қате көрсетілген)

Қорытындылар туралы хаттама № 15152894-ОК1 сәйкес Шымкент қаласына тіркелген "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің (БСН 170840021936) ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес келмеседе конкурсқа қатысуға рұхсат етілген.

Яғни:

1. Қағиданың 212-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі: Куәлігі бар кран машинисті- 1 (бір) адам талап етілген, алайда қызметкер Т.Атеевке «автомобильді кран (манипулятор) жүргізушісі» курсын бітіргені туралы 2025 жылғы 25 ақпан №45358 куәлік ұсынған, ал конкурстық құжаттамаға сәйкес «**автомобильді кран (манипулятор) жүргізушісі**» емес **Куәлігі бар кран машинисті** болуы тиіс. Ашығын айтқанда Манипулятор жүргізушісі курсын бітіргені туралы куәлікпен (свидетельства) кранмен жұмыс жасауға рұқсат етілмейді. Аталған куәлік мамандық бойынша толық курс бітіргенін анықтайтын құжат болып саналады.
2. "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі Конкурсқа қатысу туралы келісімге (2-қосымша) Конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз деп қол қоя тұра. ұсынған автокөліктерді жалға алу туралы барлық келісім шарттары фотошоп арқылы жасалғаны анық көрініп тұр, соған сәйкес жалғанған келсім шарттар негізсіз болып табылуы тиіс, Бұл ретте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзуға әкеп соқтыратын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін конкурсқа қатысушылардың бізге белгілі болған құқық бұзушылықтары туралы дереу хабардар ету жөнінде өзімізге міндеттеме алғанбыз.

3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 74 тармағына сәйкес Заңның 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтер орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурстарының **болуын талап ету қажеттілігі туралы шешім қабылдайды** деп көрсетілген. Алайда "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің фотошоп арқылы жасаған келісім шарттарында ұсынған техникалар Жамбыл облысы, Қостанай облысы,Қарағанды облысы және Шымкент қаласында тіркелген техникалар болып табылады. Соған байланысты аталған бұйрықтың 74 тармағын басшылыққа алып "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігін конкурсқа жіберілмеуі тиіс.

Соған сәйкес

1) Конкурс қорытындыларын қайта қарауды;
2) "Атырау облысының "Демеу" мүгедектер қоғамдық қоры өтінімдерін конкурс талаптарына сәйкес деп тануды;
3) "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігінің өтінімдерін конкурс талаптарына сәйкес емес деп тануды;
4) "Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігін дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жосықсыздар тізіміне қосуға сотқа жүгінуді;
5) Менің шағымымды қарауға қабылдауыңызды және жіберілген бұзушылықтарды жою бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды сұраймын.

"Атырау облысының "Демеу"
мүгедектер қоғамдық қоры директоры
Есенкулов Р.